

**«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУ
ФЕДЕРАЦИЯСЫ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**



**ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ
«ФЕДЕРАЦИЯ СПОРТИВНОГО
ОРИЕНТИРОВАНИЯ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ»**

ЖҮГІРУ АРҚЫЛЫ СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУДАН ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ережесі

I. Мақсаты

- Спорттық бағдарлауды насихаттау
- Бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту
- Жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру,
- Республикалық және халықаралық жарыстарға қатысатын БҚО команда құрамын іріктеу және облысаралық байланыстарды нығайту мақсатында өткізіледі.

II. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2024 жылдың 15 – 17 қараша күндері БҚО Орал қаласы «Самал» ТЛ (Ақжүніс 100) өтеді. Қатысушылардың келу уақыты 15 қараша сағат 13.00 – ге дейін.

III. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа аудандық, қалалық білім орындары, жоғары оқу орындарының жаттықтырушылары мен студенттері және туризм орталықтарының командалары қатыса алады. Қатысушылардың жас ерекшеліктері:

MW18-20 (2008 – 2006 ж .т ұл,қыз)

MW21E (2005 – 1994 ж .т ер,әйел)

MW31 (1993– 1984 ж .т ер,әйел)

MW41 (1983 жоғары ж .т ер,әйел)

Командалық есепке алынатын қатысушылар әр топтан бір ер адам, бір әйел адам жарысқа сұраныс беру сәтінде көрсетіледі. Басқа қатысушылар жеке сынақта ғана сайысқа түседі.

IV. Жарыс шарты

Жарыс бағдарламаға сай 3 күн өтеді. Бағдарлама бойынша қатысушылар 3 қашықтықта жарысқа түсетіндіктен, әр қашықтыққа карта алулары тиіс. Жарыс

жарнасы 1 қашықтықа 500тенге. Қатысушылардың жарыс бағдарламаларын орындау үшін қажетті құралдары, арнайы киімі болуы тиіс. Команда өкілі мандат комиссиясына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

- жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс

№	ТА (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт разряды	Есеп (зачет)	Дәрігер рұқсаты
1	Сағыналин Ерлан	08/10/1998	M21E	СШУ/КМС	Командалық	
2	Қасимов Нұркен	15/05/1996	M21E	P/ж	Жеке	

(сұраныс берілген нұсқа бойынша тапсыру сұралады)

- іс сапар туралы бұйрық
- әр қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасы

Алдын – ала өтінішті 2024 жылдың 15 қарашаға дейін дейін жіберулеріңіз сұралады немесе команда өкілі ОРГЕО сайтында спортшыларды өзі тіркейді.

V. Жарыс бағдарламасы:

15 қараша

- 15:00 – дейін командалардың келуі;
- 16:00 – 17:00 мандаттық комиссия отырысы;
- 19:00 – 19:30 Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан ерлер мен әйелдер арасындағы Батыс Қазақстан облысының чемпионатының ашылу салтанаты.
- 20:30 – 22:30 «Түнгі бағдарлау» қашықтығы (Қалалық орталық саябақ)

16 қараша

- 11:00 – 14:00 «Орта» қашықтығы; (Хан тоғайы)
- 14.00 – 15:00 – түскі ас
- 16:00 – 16:30 команда өкілдерінің отырысы;

17 қараша

- 11:00 – 14:00 «Спринт» қашықтығы; (Құрылысшы ш,а)
- 14.00 – 15:00 – түскі ас
- 16:00 – 16:30 - Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан ерлер мен әйелдер арасындағы Батыс Қазақстан облысының чемпионатының жабылу салтанаты.

VI. Марапаттау

Әр қашықтық және жас мөлшері бойынша жүлдегерлер мен жеңімпаз командалар Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының кубоктарымен, дипломдарымен, медальдармен марапатталады. Командалар арасында жалпы қорытынды есепке барлық қашықтықта үздік нәтиже

көрсеткен қатысушыларының нәтижелері (әр жас ерекшелігінен 1 ер, 1(қыз) әйел) енгізіледі.

VII.Қаржыландыру

Жарысты ұйымдастыру және өткізуге байланысты шығындарды БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы мекемесі өтейді. Жарыстың әрбір кезеңінде қатысушылардың шығындарын, қатысушылардың жарыс кезіндегі тұруы мен тамақтану шығындары іс-сапарға жіберуші мекеме есебінен.

Кординаторлар: Бас төреші Нурманов Райлан Ерсалинович тел: 8 777 671 75 46,
Бас хатшы: Сағыналин Ерлан Русланович тел: 8 707 786 19 98

Ұйымдастырушылар жарыс бағдарламасына аздаған өзгеріс енгізуге құқылы!

Бұл ЕРЕЖЕ жарысқа ресми шақыру болып табылады.

/ БҚО СБФ Президенті _____



Н.Ф.Қасимов